

Қазақ мемлекеттік қопару жұмыстары ғылыми-өндіріс орталығы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 маусым 1993 ж. N 464

Республикада жаңа қопарғыш материалдар өндірістерін ұйымдастыру, сондай-ақ қопару жұмыстарын механикаландырудың мамандандырылған жабдықтарын, приборлары мен құралдарын сериялап шығару мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 26 маусымдағы N 1094 өкімі бойынша құрылған Қазақ политехника институтының қопару жұмыстарын кешенді механикаландыру салалық лабораториясы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Қазақ мемлекеттік қопару жұмыстары ғылыми-өндіріс орталығы (ҚМҚҒО) болып қайта құрылсын.

Қазақ мемлекеттік қопару жұмыстары ғылыми-өндіріс орталығының тұратын жері Алматы қаласы деп анықталып, ол қопару жұмыстарын кешенді механикаландыру салалық лабораториясының алаңына (Космонавтар көшесі, 147 "б") орналастырылсын.

2. ҚМҚҒО республика бойынша өнеркәсіптік қопарғыш материалдарды дамыту, қарапайым аммиак-селитралы қопарғыш заттарды (оларды тікелей тұтынатын жерлерде дайындап), қопару жұмыстарын механикаландыруға арналған технологиялық кешендерді, мәшинелер мен жабдықтарды жасап, өндіріске енгізу жөніндегі жетекші ұйым деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі бір ай мерзім ішінде ҚМҚҒО-ның жарғысы мен құрылымын бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының экономикасын өзгерту қорынан ҚМҚҒО материалдық-техникалық базасын және қопарғыш заттар өндірісін нығайту мен дамыту үшін инвестиция бөлуді көздейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жоғары оқу орындарының 1993-1994 және одан кейінгі жылдарда қопарғыш заттар мен олардың тиісті құрамды бөліктерін жасауға маманданған химияшы-технологтар және тау-кен инженерлерін кәсіпорындармен тікелей шарттар бойынша даярлап шығару жұмысын ұйымдастырсын

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК